

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ
Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т
МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана, Парламент Мәжілісі
20 __ жылғы «__» _____
№ _____

010000, Астана, Мажилис Парламента
«__» _____ 20 __ года

2024 жылғы 23 сәуірде жарияланды

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрінің орынбасары
Е.Б. Көшербаевқа

Депутаттық сауал

Құрметті Ермек Беделбайұлы!

Өміріңізде бір рет болсын істен шыққан сағатыңызды жөндетуге, етігіңізді тіккізуге барған шығарсыз, қоғамдық көлікте газет таратып жүрген адамнан газет сатып алған шығарсыз, ол адамдармен әрине тілдеспедіңіз, себебі олар мылқау. Ал сіз білдіңізба бүгінгі күні олардың ресми тілдері жоқ екенін. Бүгінгі депутаттық сауалымның негізгі тақырыбы есту және сөйлеу қабілеті жоқ жандардың тіліне арналмақ.

Үні шықпастың құқығы да қорғалмас. Өзі тұрған мемлекетінде сөйлейтін өз тілі де жоқ. Иә, бұрын ол заңды түрде болған, бірақ кейбіреулердің ақымақтығынан ол бап алынып тасталған. Есі дұрыс, өз елінің азаматтарына жаны ашитын адам ешкімге зияны жоқ жандарға тиесілі заң нормасын алады ма?

Мен нені мензеп отыр десеніздер, ҮМ-ЖҮМ тілі елімізде ресми түрде қабылданбаған.

Енді әдебиетке келер болсақ, ымдалғанды қағаз бетіне түсіре алмаймыз десек, онда ДАКТИЛЬ алфавиті бар. Бірақ ол да ресми түрде қабылданбаған. Казіргі уақытта есту -сөйлеу қабілеті бұзылған балаларға мектепте 1-4 сыныптарына арналған білім бағдарламасы жасақталғаны мен ресми статусы жоқ, сол себепті әрі қарай дамып жатқан жоқ. Біріңғай стандарты болмағаннан кейін, әрі қарай мемлекетте қабылданбайды да дамымайдыда. Болды осы жерде бұндай балалардың білім алу мүмкіндігі ресми түрде тоқтады деген сөз. Оны аз десеніз ҮМ-Ишара тілі және дактиль алфавиті қазақша түріндеге баламасы мүлдем жоқ.

Елімізде 20 мыңнан аса есту және сөйлеу қабілеті шектеулі азаматтар бар. Мамандардың айтуынша, бұл – тек ресми ақпарат. Біздің негізгі мақсатымыз білім арқылы – құлағы естімейтін, сөйлеу қабілеті төмен адамдардың заңды құқығын қорғау, қоғамдық белсенділігін арттыру, еңбек

етіп өз нанын өзі тауып жейтіндей жұмыспен қамтамасыз ету. **Ол үшін олар білім алулары керек.** Бірақ қазіргі уақытта олардың қолданып жүрген ым-ишарасы басқа ұлттың ым-жым тілі. Жақсы олда болсын, бірақ оның өзі ресми түрде қабылданбаған. **Қазір студенттер оқып жатыр, бірақ болашағы бар деп қалай айтамыз егер ым-жым тілі болмаса, ол заңдастырылмаса.**

Мамандардың зерттеуінше, бізде қазақша сөз бар, бірақ қазақша «ым-жым» сөздігі жоқ. Мысалға «кұрт», «ірімшік», «ою», «Ақсақал», «күбі» сөзін алайық. Бұның ым-жым тілінде ресми баламасы жоқ. Мысалы бір кейсті келтірейін : Сатпаев университетінде есту-сөйлеу қабілеті бұзылған 9 бала оқиды. Олардың 7-уі колледжден кейін 2-і жеке меншік мектеп түлектері. Бұл 9 бала оқуға деген ынтасының өте жоғары болған балалар. Осы сыяқты көп балалар жоғары оқу орындарында оқығысы келеді, алайда біріншіден мектеп бағдарламалары 11 сыныпқа дейін жасақталмаған соң колледж арқылы келуге мәжбүр екіншіден сурдо-аудармашылар қызыметі жоқ, болған күннің өзінде өте қымбат. Елімізде сурдо-аудармашыларды дайындайтын оқу орындары жоқтың қасы. Бұл балалар естімеседе сөйлемеседе болашағының жарқын болуын армандайды, ата-анасыда баласының болашағынан зор үміт күткісі келеді, сол армандарының орындалуына біз себепкер болайық.

Жоғарыда баяндалғандарға орай ұсынамын:

- 1 Ым-жым тілін ресми түрде қабылдау.
2. Ым-жым тілінің қазақша баламасын қабылдау.
3. Дактиль алфавитін ресми түрде қабылдап, 1-11 сынып аралықтағы барлық пәндерден оқулық әзірлеу.
4. Дактиль алфавитіндегі жазылған әдебиеттерді оқу процессіне енгізу.
- 5 Дактиль алфавитінің қазақ тіліндегі баламасын қабылдау.
- 6 Жоғары оқу орындарында арнайы мамандар даярлау керек.

Үкімет қолдаса депутаттық корпус, оның ішінде инклюзивті парламент тобы тиісті нормаларды ұсынып заңдастыруға дайын екенін жеткізеді.

Қазақстанның кез келген перзентіне қамқорлық жасау – біздер мен сіздердің қоғам алдындағы азаматтық парызымыз!

Құрметпен,

«Ауыл» партиясының фракция депутаттары:

**Т. Серіков
А. Баққожаев
Н. Арсютин
Қ. Абден
Ж.Дайрабаев
С.Егізбаев
А. Зейнуллин
Е. Саурықов**

«AMANAT» партиясының фракция депутаттары: Ж. Амантай

Е. Әбдиев
Г. Нұрымова

«Қазақстан Халық Партиясы»
партиясының фракция депутаты:

К. Сейтжан

«Жалпыұлттық социал-демократиялық
партиясының фракция депутаты:

Н. Әуесбаев

«Ақ жол» партиясының фракция депутаты:

Е. Бейсенбаев

Жеке мандатты Депутат:

Д. Мұқаев

 Аубакиров Н.К.
 74-67-54